


**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының
2022 жылғы 3 қараша
шешіміне, №57 хаттама
№1 қосымша**


 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы	
Құжаттың атауы:	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ энергетикалық саясаты	
Құжат түрі: Саясат	Код: KMG-VND-4361.1-11	
Өзірлеген: Жампиисов Р. К. _____	Тексерген: Абдулгафаров Д. Е. _____	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2022 жылғы «3» қараша шешімімен, № 57 хаттама, бекітілді
2022ж. «___» _____	2022ж. «___» _____	

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – Компания) орнықты даму, энергетикалық сипаттамаларды тұрақты жақсарту және энергия сыйымдылығын төмендету қағидаттарына бейілділігін білдіреді және энергия үнемдеуге деген көзқарас пен энергиялық тиімді мінез-құлықты енгізуді өз қызметінің негізгі басымдықтарына жатқызады.

Компания тігінен интеграцияланған ұлттық мұнай-газ компаниясы ретінде көмірсутектер мен оларды өңдеу өнімдерін барлау, өндіру, тасымалдау, сақтау, өңдеу және маркетинг, сервистік инфрақұрылым мен активтерді басқару жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын еншілес, тәуелді, сондай-ақ бірлескен бақыланатын ұйымдарды корпоративтік басқаруды жүзеге асыра отырып, салада бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруда маңызды рөл атқарады, отын-энергетикалық ресурстарды жеткізуші және тұтынушы болып табылады және оларды ұтымды пайдалану және энергия тиімділігі деңгейін арттыру қажеттілігін мойындайды.

Компания жауапты энергетикалық менеджментке мүдделі және экономикалық орындылықты көздей отырып, энергия үнемдеуге және энергетикалық тиімділікті арттыруға бағытталған ең үздік қолжетімді техникалар мен әкімшілік шешімдерді тәжірибеге енгізуге ниетті, бұл ретте Қазақстан Республикасының құқықтық және заңнамалық талаптары, сондай-ақ энергетикалық тиімділікке, энергияны пайдалану мен тұтынуға қатысты үздік халықаралық тәжірибелер мен стандарттар шеңберінде өндірістің энергия сыйымдылығының үлестік көрсеткіштерін халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға залал келтірмейтіндей етіп, ең үздік әлемдік стандарттар деңгейіне дейін төмендетудің қамын ойлайды.

Осы Саясат «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған Төмен көміртекті даму бағдарламасының ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады және мақсаттар мен энергетикалық міндеттерді белгілеу және талдау үшін негіз құрайды.

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ энергетикалық саясаты	
Саясат	KMG-VND-4361.1-11	3 беттің 2 -беті

Осы Саясатты іске асыру үшін Компания басшылығы мынадай міндеттемелерді қабылдап, орындайды және оларды мердігерлік ұйымдардың да орындауын талап етеді:

1. Тұтынылатын энергияны пайдаланумен және энергия тиімділігімен байланысты заңнамалық және нормативтік талаптарға, мүдделі тараптардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету.

2. Саясатты Компанияның барлық қызметкерлерінің, мердігерлерлік ұйымдар мен келушілердің назарына жеткізу арқылы Компания ішінде энергия үнемдеуді, энергия тиімділігін арттыруды және төмен көміртекті мәдениетті дамытуға ықпал ету.

3. Энергетикалық менеджмент жүйесінің талаптарының Компанияның бизнес-процестеріне біріктірілуін қамтамасыз ету.

4. Энергия үнемдеуге, энергетикалық тиімділікті арттыруға, негізгі және қосалқы процестерді күкіртсіздендіруге бағытталған іс-шаралар жоспарларын іске асыру арқылы дайын өнімнің энергия сыйымдылығын және өндірілетін өнімнің өзіндік құнындағы энергия ресурстары шығындарының үлесін азайту.

5. Энергетикалық сипаттамаларға әсер ететін энергия тұтыну тұрғысынан тиімді болатын өнімдер мен қызметтерді сатып алу мен жобалық қызметке қолдау көрсету.

6. Компания қызметкерлерінің энергетикалық тиімділікті арттыруға және энергия менеджменті жүйесін жақсартуға бағытталған көшбасшылығын танытуына негіз болатын процесті орнату және қолдау.

7. Компанияның жалпы энергия теңгеріміндегі жаңартылатын және баламалы энергия үлесін ұлғайту арқылы өндірістің технологиялық процестерін жетілдіру.


8. Қоршаған ортаның ластануының кешенді түрде алдын алуға, қоршаған ортаға әсерді барынша азайтуға бағытталған ең үздік қолжетімді техникаларды (ҰҚТ) қолдана отырып, қызмет түрлері мен оларды жүзеге асыру әдістерін дамытудың неғұрлым энергия тиімді әрі озық кезеңдерін ескеру.

9. Бақылау (мониторинг) жүйесін жетілдіру арқылы энергия тұтыну есебін жақсарту бойынша жұмыс жүргізу.

10. Міндеттер мен жауапкершіліктерді бөлу, оны қолдау және тиімді жұмыс істеу үшін өкілеттіктер беру арқылы энергетикалық менеджмент жүйесінің үнемі жетілдірілуін қамтамасыз ету.

Компанияның осы Саясатта көрсетілген міндеттемелері энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мақсаттарды белгілеу үшін негіз болып табылады, Компанияға, еншілес, тәуелді және мердігерлік ұйымдарға қолданылады, сондай-ақ Компанияның серіктестермен іскерлік қатынастары жүйесіне енгізіледі.

Компания басшылығы осы Саясатты іске асыру үшін барлық қажетті ресурстарды ұсынуға жауапты.

 ҚазМұнайГаз <small>NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ</small>	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ энергетикалық саясаты	
Саясат	KMG-VND-4361.1-11	3 беттің 3 -беті

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының осы Саясатты қолдануы ұқсас Саясатты әзірлеу және бекіту немесе ұйымдардың ішкі құжаттарын осы Саясатқа сәйкес келтіру арқылы белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.